

•••• KZ

00:00




Жылдық есебі



Годовой отчет







•••• KZ

00:01




Жылдық есебі



Годовой отчет







Банктің жылдық есебін  
**Мазмұны**



Басқарма төрағасының  
**Үндеуі**



Банк туралы  
Общая информация



Филиалдық жүйе  
Филиалдар мен қызметкерлер




Ұйымдастырушылық құрылымдар  
Банк қызметкерлерінің штаты



Банк өнімдері  
Ұсынылатын өнімдер мен қызметтер



Банк клиенттері  
2014 жылдың басындағы клиенттік база



Жоспарлар'14  
Банктің 2014 жылға арналған даму жоспарлары



Қаржылық есеп  
2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін



Тәуелсіз аудиторлар есебі  
2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

0

04

09

15

17

18

22

25

28

38





Басқарма төрағасының  
Үндеуі

1.1

## **Құрметті Kassa Nova банкінің акционерлері, серіктестері мен клиенттері!**

Банк мамандарының күн сайын төгетін тері мен атқаратын қомақты істерінің арқасында Kassa Nova жыл сайын өзінің жетістіктерімен қуантып келеді. 2010 жылы біз орташамерзімдік даму стратегиясын бекіттік. Дәл сол кезде алға қойған жоспарларымыздың тым күрделі әрі орындалуы мүмкін емес сияқты көрінгені рас. Бірақ біз бүгін қаржылық көрсеткіштерге қатысты болжамдардың айны-қатесіз келіп жатқанын байқаймыз. Өсу деңгейін тиімді басқара отырып, шығындарды бақылаудан шығармай және нарықтың өзімізге тән сегментінде белсенді түрде әрекет етудің нәтижесінде, біз мүмкін емес нәрсенің өзін жүзеге асырдық. Уақыт өткен сайын біздің жетістіктеріміз дәлелдей түсетін бір шындық: Kassa Nova – тиімді әрі сенімді банк.

2013 жылы біз активтерімізді екі есеге – 56,1 млрд. теңгеге дейін ұлғайттық. Несиелеу – Kassa Nova үшін қозғаушы күш – биыл жоспарланған көрсеткіштерден асып түсті. Бұл біздің несиелік қоржынымызды екі есеге – 42,3 млрд. теңгеге дейін арттыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар біздің банкіміз – төрт жыл бұрынғы сияқты несиелік қоржын сапасы жағынан алғанда, нарықтағы жетекші орынға ие банктердің бірі. Әрі айтарлықтай дамыса да, ол таза қалпында қалды: 90 күнге дейін мерзімінде өтелмеген борыштар көрсеткіші 1 пайыздан аспайды және біз болашақта да осы деңгейді сақтай алатынымызға сенімдіміз.

Енді дамып келе жатқан жас банк үшін кірісті тиімді қалыптастыру аса маңызды. Өйткені, бұл дегеніңіз – қаржылық тұрғыда ауқатты әрі табысты болу. Сол себепті 2013 жылы барлық негізгі инвестициялар мен салымдарды жүзеге асыра отырып, кірісімізді екі есеге көбейтіп, оны 862 млн. теңгеге өсірдік. Біз қор жинауды дербестендіруге де қол жеткіздік – бүгінде клиенттік базаны жеке тұлғалардың салымдары есебінен кеңейтуге күш саламыз. Айтпақшы, біздің бұл жетістіктеріміз ескерусіз қалмады. 2014 жылы Kassa Nova жыл сайын өткізілетін халықаралық «Инвестициялық періште» сыйлығының «Қазақстандық және шетелдік барынша дамушы банктер» номинациясының лауреаты атанды. Standard&Poog's агенттігінің Kassa Nova банкінің несиелік рейтингін кезекті рет халықаралық жеке бойынша – «B» деңгейінде, ұлттық жеке бойынша «kzBB» деңгейінде белгіле-



Басқарма төрағасының  
Үндеуі

1.2



Нұрлан Қосақов,  
Cassa Nova банкінің басқарма төрағасы





Басқарма төрағасының  
Үндеуі

1.3

генін де айтпасқа болмайды. Оның үстіне, келесі жылы аталған рейтинг жақсара түседі деуге бізде толық негіз бар.

Біз Қазақстанның барлық аймағынан табылуға талпынамыз және 2013 жылы Kassa Nova банкінің жетінші филиалын Көкшетаудан ашып, осы бағытта тағы да жаңа қадам жасадық. Желтоқсанға қарай біздің командамыз көрсеткіштерін айтарлықтай жақсартта білді. Оларға жаңа жұмыс орнындағы еңбектеріңіз жетістіктер мен табыстарға толы болсын дегім келеді!

Қорытындылай келе, біздің банк сапалық тұрғыда дамудың жаңа кезеңіне көтерілді, клиенттердің көңілінен шығу арқылы өнімдер тізімі мен сату жүйесін қазіргі экономикалық шындыққа бейімдеуді аяқтады. Мысалы, биыл кепілдіксіз несиелеу бағдарламасы іске қосылып, Kassa Nova банкінен борыш алуға мүмкіндігі бар адамдардың санын арттыра түстік.

Клиенттік база ауқымының кеңеюі, тұрақты даму және сапаны үнемі жетілдіріп отыру – бұлардың барлығы да біртұтас команда жұмысының жемісі. Мен Kassa Nova қызметкерлерінің барлығына да шын жүректен алғыс айтамын – олардың әрқайсысы банкті дамытуға үлес қосуда. Сонымен қатар тиімді корпоративтік басқарудың астарында біздің жетістіктеріміздің бір сыры жатыр. 2013 жылы бизнес-рәсім ретінде енгізген қызмет көрсету менеджменті біздің нарықтағы орнымыздың іргетасы іспетті. Клиенттерге қызмет көрсетуге жұмылдырылған барлық қызметкер білім берудің бірнеше кезеңінен өтеді. Содан кейін құпия сатып алушылар арқылы стандарттарға сәйкес келетін не келмейтіндігі жайлы тексерістен өтеді – сатып алушымен жұмыс барысында сыпайы сөйледі ме? Қажет деңгейде көңіл бөлді ме? Клиент үшін бизнес-процесс талап еткеннен де артық қызмет көрсетті ме? Біздің бүкіл жүйеміз банк ішінде сенім, достық, қолайлы жағдай орнатуға бағытталған. Бүгінде клиент түсінігіндегі «банкке бару» ұғымы – уақытты ғана емес, кейде тіпті, жүйкені де қажет ететін мәжбүрлі рәсім. Kassa Nova бұл түсінікті түбірімен өзгертеді. Біздің клиенттеріміз – бизнестің ең маңызды активі және оларға көрсетілетін қызмет те мүлтіксіз болуы шарт. Банкпен қарым-қатынас жасауда жаңа эмоциялық сезіну мен тың да пайдалы клиенттік тәжірибе қалыптастыра отырып, немқұрайдылық, бюрократтық талаптар,





адамдарға атүсті қарау сияқты келеңсіздіктердің тамырына балта шабу қажет.

Kassa Nova банкінде біз сапалы қызмет көрсетудің ең үздік түрлерін ұсынып, қарым-қатынасымызды «өмір бақи клиент боп қалу» қағидасы бойынша дамытуды көздейміз. Kassa Nova ұстанымын қолайлы да жайлы банк ретінде ашу үшін біз келесі жылы филиалдық жүйені қайта құруды бастаймыз және ағымдағы бөлімшелердің форматын өзгертеміз. Банктің жаңа сату басқармалары қазіргі заманғы қала мәдениетінің әрқилы бөлігінің үйлесім тапқан аралас түрі болмақ – ғимараттың ішкі көрінісі кафе немесе кофеханаға ұқсайды. Кей жерлерге өнер нысандары мен инсталляциялар қойылады. Кітап оқу сияқты аса маңызды дәстүрді негізге ала отырып, біз бөлімшелерімізге шағын кітапханаларды біріктіргіміз келеді. Біз банкті адамдар кетуге қимайтын мекенге айналдыруға болатынына сенеміз. Олар жайлы жағдаймен қамтамасыз етілген бөлімшелерде өздерінің қаржылық қиындықтарын оңай шешіп алар еді. Біздің ұғымымыздағы Kassa Nova осындай.

Келесі жылы біз бес жасқа толамыз – банк жаңа кезеңге аяқ басады. Оған дейін біз даму стратегиясын, ұстанымдарды қайта қарап, бизнесіміздің келешектен үміт күттіретін жаңа бағыттарын анықтаймыз. 2014 жылдан бастап Kassa Nova дистанциялық қызмет көрсетуді дамытудың іргетасын қалайды – төлем карточкалары мен интернет-банкинг. Өткен жылы техникалық базамызды тыңғылықты дайындықтан өткізіп, банктік ақпараттық жүйені карточкалық әрекеттерге ыңғайладық, стресс-тестілер өткізіп, соның арқасында 2014 жылдың алғашқы жартысында карточкалар жалпы сатылымға шығарылады.

Біз аймақтық дамуды да жалғастыруды көздеп отырмыз. Kassa Nova филиалдарының картасында келесі жылы үш жаңа бөлімше ашылмақ: Теміртауда, Өскеменде және Атырауда. Аталған бөлімшелер үшін командамыз ендігі жасақталып қойған. Олар филиалдар ашылған бойда біздің банктің жергілікті нарықтағы үлесін арттыру мақсатында іске бел шеше кіріседі. Сөз жоқ – біздің ұжым кез келген стратегиялық міндеттер мен қысқамерзімдік мақсаттарды игеріп әкетуге қауқарлы. Демек, барлық жоспарларымыз табысты түрде жүзеге асырылады. Біз нарық талаптары мен клиенттердің көкейінде жүрген арманына мүлтіксіз сәйкес келетін банкті қалыптастыруға ниеттіміз.





## Кофе туралы

Кейбір танымдық ақпараттар




Ең жақсы сатылатын тауарлардың әлемдік рейтингінде кофенің екіншіорында тұрғанын және оның тең мұнайға есе жіберетінін сіз білетін бе едіңіз? Жер шарының тұрғындары жыл сайын 500 миллиард шыны кофе ішеді! Орташа есеппен алғанда, бұл бір адамға шаққанда, жыл сайын 71 шыны кофеге тең.

Бүгінгі таңда кофенің 50-ден астам түрі бар, бірақ оның небары 2 түрі ғана коммерциялық өндірісте пайдаланылады. Дүние жүзі бойынша адамдардың 70 пайызы арабика кофесін ішеді. Ол жұмсақ дәмімен және күшті қош иісімен ерекшеленеді. Қалған 30 пайызы робуста кофесінің еншісінде. Оның дәмі анағұрлым қышқылдау.

Кофе ағаштары әлемнің 65 елінде өсіріледі. Ең басты тасымалдаушы – Бразилия. Бұл ел дүниежүзілік тұтынушылық сұраныстың 40 пайызын қанағаттандырып отыр. Ал екінші орында Колумбия тұр. Сонымен қатар кофе қай жерде өсірілсе де, жүз жыл бұрынғы сияқты қолмен жиналады. Тәжірибелі кофе жинаушы тәулігіне әрқайсысы 100 келі тартатын, ал құны \$2-\$10 тұратын 7 кәрзеңке бұршақ жинай алады. Дәнді кептіріп, қуырғаннан кейін әлгі кәрзеңке \$110-ға дейін қымбаттайды.

Существует два способа обработки кофейных ягод: сухая и влажная. В первом случае бобы просто сушатся на солнце в течение 15-20 дней, после чего с ягод убирают засохшую мякоть. При «мокрой» обработке мякоть удаляется всего через несколько часов после сбора урожая с помощью воды. Такой способ считается более правильным, поскольку зерна в процессе обработки и очистки меньше повреждаются.

Кофе жемістерін өңдеудің екі тәсілі бар: құрғақ және ылғалды. Бірінші тәсілде бұршақтарды Күннің астына 15-20 күн бойы жайып қойып, тек кептіреді де, жемістердің кеуіп қалған жұмсақ жерін алып тастайды. «Ылғалды» өңдеуде жемістің жұмсақ бөлігі өнім жиналып болғаннан кейін бірнеше сағаттан соң судың көмегімен алынады. Өңдеу барысында және тазалау кезінде дәнге азырақ зақым келетіндіктен, мұндай тәсіл дұрыс деп саналады. Кофенің өңделген дәні бірінің үстіне бірі орналасқан вибрациялы торлардың көмегімен сұрыпталады: ұяшықтардың үстіңгі қабаты ірілеу, ал төменгісі ұсақтау келеді. Үстіндегі торда ірі дәндер қалса, астыңғысында ұсақ, бірнеше бөлікке бөлінген, зиянкестерден зақым көрген, бүріскен, піспеген, көк дәндер қалады. Дәл осы «қоқыс» кофенің дәмін бұзар еді.





## Банк туралы

Жалпы ақпарат

2.1

Kassa Nova халыққа және шағын кәсіпкерлерге қаржылық қызмет көрсетуге маманданған. Өзімізге тиесілі филиалдық жүйелер арқылы біз қарапайым әрі көпшілікке түсінікті өнімдерді ақылға қонымды бағаға ұсынамыз.

**Біздің бизнес-этикамыз қарапайым және ұғынықты:  
Kassa Nova – тез, қолжетімді және инновациялық банк.**

Банктің мақсаты – өз сегментіндегі жетекші банктердің біріне айналу. Атап айтқанда, қаржылық қызмет көрсетуде халық пен шағын кәсіпкерлерді барынша кең ауқымда қамту. Орташамерзімдік келешекте Kassa Nova банкінің филиалдарын еліміздің ірі қалаларының барлығында ашу жоспарланып отыр.



## Біздің құндылықтарымыз

Басымдықтар тізімі

2.2

Kassa Nova қалыптастырады:

- Клиенттеріміз үшін қисынды бағамен сапалы қызмет көрсету.
- Қызметкерлеріміз үшін дем беретін жағдай жасау және мансаптық өсу.
- Инвестицияны тұрақты қайтару және акционерлерімізге кіріс кіргізе отырып, банк өсімін қамтамасыз ету.
- Тұрақты дамуға және үздіксіз жетілуге талпыну.



## Біздің тарихымыз

Хронология событий в истории банка

2.3

### 2009

- Маусым. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелу.
- ҚР Қаржылық нарықты және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау агенттігінен банктік және басқа да әрекеттерді жүзеге асыруға лицензия алу.
- Желтоқсан. Алғашқы несиелік берілді.

### 2010

- Алматы мен Астанадан филиалдар ашу.
- Жыл соңында несиелік қоржын 35 млн. долларға жетті.

### 2011

- Үш жаңа филиал ашу: Ақтөбеде, Павлодар мен Қарағандыда.
- Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінен банктік және басқа да әрекеттерді жеке және заңды тұлғалардың салымдарын орналастыра отырып, жүзеге асыруға лицензия алу.
- Банк Қазақстандық депозиттерді кепілдендіру қорының мүшесі атанды.
- Standard&Poor's рейтингтік агенттігі Kassa Nova-ға ұзақмерзімдік несиелік рейтингін халықаралық межеде – «B» деңгейінде, ал ұлттық межеде «kzBB» деңгейінде белгіледі.

### 2012

- Шымкентте филиал ашу.
- Сату басқармасындағы бөлімшелерді қайта құру.
- Өзіндік байланыс орталығын іске қосу.
- Standard&Poor's рейтингін қайта бекіту.
- Заңды тұлғалар үшін E-Banking жүйесін жүзеге асыру.
- Бас ғимаратты Астанаға көшіру.



FINE  
COFFEE  
ALL YOU NEED





## Оқиға'13

Өткен жылдың басты оқиғалары

2.4

- Kassa Nova филиалының Көкшетаудағы салтанатты ашылуы. Ақмола облысының әкімшілік орталығы біздің банк ашылған жетінші қала болды.
- Халықаралық Standard&Poor's рейтингтік агенттігі Kassa Nova-ның ұзақмерзімдік несиелік рейтингін халықаралық межеде – «B» деңгейінде, ал ұлттық межеде «kzBB» деңгейінде белгіледі. Болжам тұрақты.
- Қызмет көрсетудің жаңа стандарттарын енгізу. Kassa Nova-ның ыңғайлы әрі қолайлы банк ретінде көрсете отырып, қызмет көрсету менеджментінің жүйесі бекітілді. Басты мақсат Сату басқармаларында сенім мен жайлы жағдайды қамтамасыз ету болатын.
- Заңды тұлғаларға дистанциялық қызмет көрсету – MyKassa интернет-банкингінің тұғырнамасын іске қосу.
- Kassa Nova төлем карталарының техникалық шығарылымы. Жалпы сатылым 2014 жылдың алғашқы жартысында басталады.
- Фронт-офиске арналған бірыңғай киім үлгісін енгізу.
- Банктің өнімдер тізімінде жаңа өнім – «Кепілдіксіз несие» пайда болды.



FINE  
COFFEE  
ALL YOU NEED



## Кофені бағалау

Жалпы ақпарат







Филиалдық жүйе  
Филиалдар мен банк қызметкерлері



ЖЕП ФИЛИАЛ  
Қазақстанның ірі қалаларында  
**318 ҚЫЗМЕТКЕР**



	Қызметкерлер	Сату басқармасы
Банктің Бас ғимараты	94	
Алматы филиалы	67	4 <input type="radio"/> <input type="radio"/> <input type="radio"/> <input type="radio"/>
Астана филиалы	48	3 <input type="radio"/> <input type="radio"/> <input type="radio"/>
Қарағанды филиалы	33	3 <input type="radio"/> <input type="radio"/> <input type="radio"/>
Павлодар филиалы	23	2 <input type="radio"/> <input type="radio"/>
Ақтөбе филиалы	20	1 <input type="radio"/>
Шымкент филиалы	17	1 <input type="radio"/>
Көкшетау филиалы	16	1 <input type="radio"/> <b>New</b>



3D





## Кофеге деген құштарлық

Сәл кофенің әртүрлілігі туралы



Әлемде кофе сусыны туралы мыңдаған мәзір бар. Солардың арасында қызыл бұрышпен, тұзбен, сарымсақпен тіпті, сары маймен де кофе болады. Таяу Шығыста кофеге кардамон қосады. Мексикалықтар кофені даршынмен ішсе, немістер мен швейцариялықтар – ыстық шоколадпен.

Кофені өндіру жағынан ең қымбаты әрі ең экзотикалық түрі – Kopi Luwak. Ол кофе ағашынан жемістер жиналып, сосын кішкентай аң – лювакқа тамақ ретінде берілетін Суматра аралында өсіріледі. Жемістің жұмсақ бөлігі аңның асқазанында қорытылып, ал дәні табиғи жолмен сыртқа шығады. Содан 1 келісі 1000 еуро тұратын кофе дайындалады.

Кофенің ақсүйектерге арналған түрлерінің бірі – Jamaica Blue Mountain. Бұл кофенің таудың жоғары шыңында өсетін әрі қаптармен емес, бөшкелермен таратылатын жалғыз түрі. Өте нәзік дәмі мен керемет шарап дәмі бар Jamaica Blue Mountain голливудтық жұлдыздарға ғана емес, король династиясының өкілдеріне де қатты ұнайды!

Әлемдегі ең жақсы кофелердің бірі – Hacienda La Esmeralda. Оны Батыс Панамадағы шағын фермада ескі ағаштардың көлеңкесінде ерекше қамқорлықпен өсіреді. Сусынның дәмі бай әрі күрделі – оның құрамында шоколад, жеміс-жидек пен жағымды дәм бір арнаға тоғысқан.

### HACIENDA LA ESMERALDA


баға

450 грамына – \$100

### KOPI LUWAK

баға

1000 грамына – €1000





## Ұйымдастырушылық құрылымдар

Банк қызметкерлерінің штаты

S2

### АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ



### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ



- Сыртқы аудит тобы
- Комплаенс-бақылау тобы
- Тәуекелдік менеджмент тобы



### БАСҚАРМА ТӨРАФАСЫ



- | Кадрлық жұмыс тобы
- | Қазынашылық тобы
- | Қауіпсіздік тобы
- | Техникалық қолдау тобы
- | Маркетинг тобы
- | Электрондық банкинг тобы



- | ДИРЕКТОР-БАС ЕСЕПШІ
- | Бухгалтерлік есеп пен аудит тобы



- | БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР-БАСҚАРМА МҮШЕСІ
- | Үйлестірушілер тобы
- | Ақпараттық технологиялар тобы
- | Банктік технологиялар тобы



- | БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР-БАСҚАРМА МҮШЕСІ
- | Заңгерлер тобы
- | Операциялық топ
- | Есеп және төлемдер тобы



- | АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОР
- | Несиелеу тобы
- | Қамтамасыз ету тобы
- | Филиалдар





## Банк өнімдері

Ұсынылатын өнімдер мен қызметтер

5.1

Kassa Nova-ның барлық өнімдері мен қызметтері клиенттерге жақсы жағдай жасау үшін және әділ бағалар бекіту үшін банктің бас ғимаратында дайындаудың бірнеше кезеңінен өтеді. Біз банктің өнім түрлерін барынша түсінікті әрі ыңғайлы етуге тырысатындықтан, олардың санын қысқартып, тек барлық икемді талаптар шоғырланған ең үздік өнімдерді ғана қалдырамыз. Бір әмбебап депозит әртүрлі шектеуі бар төрт салымнан әлдеқайда жақсы. Kassa Nova несиелік қоржынының 67 пайыздан астамы 10 млн. теңгеге дейін жететін ұсақ тұтынушылық қарыздан тұрады. Ал барлық борыш бойынша орташа сома 5 млн. теңгеге жетеді. Банктің ақшалай қоры депозиттерден жиналады.



# Несиелер

Банк беретін несиелер



Берілетін несиелердің арақатынасы

Несиенің жалпы көлемі **6'826**



<sup>1</sup>Тұтынушылық несиелер

Жалпы сомасы **42'237'554'795 ₸**  
Бағам: \$1= 154.06 KZT

18.3%

<sup>2</sup> Бизнес несиелер

9.3%

<sup>3</sup> Ипотека

4.0%

<sup>4</sup> Кепілдіксіз қарыздар

1.1%

<sup>5</sup> Автонесиелер

Несиелеу валютасы:



KZT 72.3%

USD 27.7%





FINE  
COFFEE

ALL YOU NEED



## Депозиттер

Банк ұсынатын депозиттер



Салымшылардың құрылымы бойынша  
ұсынылатын депозиттердің арақатынасы



Заңды тұлғалар



Жеке тұлғалар

Заңды тұлғалардың құрылымы:

Мемлекеттік және ұлттық компаниялар	26.3%
Сақтандыру компаниялары	20.5%
Білім беру	10.0%
Зейнетақы қорлары	9.8%
Басқалар	33.3%





## Банк клиенттері

2014 жылдың басындағы клиенттік база

6.1


Kassa Nova клиенттердің екі тобына қызмет көрсетуге бағытталған – тұтынушылық мақсаттағы адамдар мен шағын кәсіпкерлік өкілдері. Бұл аудиторияны анағұрлым өміршең әрі қарқынды түрде дамушы санайтындықтан, біз жетістік жолындағы кедергілерді жоюға көмектесіп, клиенттеріміз үшін сенімді қаржылық серіктес бола алатынымызға сенеміз. Клиенттік базаны кеңейтуде Kassa Nova тауашалық стратегияны пайдалана отырып, нарықтың белгілі бір сегментінде дамуға талпынады. Осы орайда, өзінің жетекшілік орнын активтердің көлемі жағынан емес, көрсетілетін қызметтердің сапасы жағынан нығайтады.

Kassa Nova клиенттері – өмірлік ұстанымы белсенді, таразыға тартып, ақылмен шешім қабылдауға қабілетті отбасылы адамдар. Олардың атқаратын шаруалары бар, өз уақыты мен адал бағаны жоғары бағалайды. Жыл басындағы ішкі зерттеу жұмыстары Kassa Nova-ны клиенттер үздік пайыздық мөлшерлемелер үшін (сауалнамаға жауап бергендердің 47%-ы) және сапалы қызмет көрсеткені үшін (сауалнамаға қатысқандардың 21%-ы) таңдайтыны анықталды. Сонымен қатар клиенттердің 100 пайызы басқа банктердің клиенті болу тәжірибесіне ие, банктік өнімдер мен жағдайлардан жақсы хабардар.






Банк клиенттері  
2014 жылдың басындағы клиенттік база



### Кәсіпкерлер



Қос қызметті атқаратындар

1% Мемлекеттік қызметкерлер



Қызметкерлер

Әйелдер 51% 49% Еркөктер



### Біздің клиенттеріміздің жасы:

21-30	162	16.5%
31-40	320	32.5%
41-50	329	33.5%
50 <	171	17.5%





## Кофе сусындары

Үш кит



Эспрессо кофені ұнататындардың көпшілігі оны кофе сусындарының ішіндегі төресі деп атайды. Мүлтіксіз жасалған кофенің дәмінде табиғи тәттілігі мен жеп-жеңіл қышқылдық, ащы мен тұзды дәм қатар болуы тиіс. Керемет эспрессо дайындау үшін төрт «М» керек: Macinazione (дұрыс ұнтақтау), Miscela (сорттарды дұрыс араластыру), Macchina (кофе-машина) және әлбетте, Мано (бариста).

Сіз капучиноны жақсы көресіз бе? Егер ұнатсаңыз, бұл кофе сусынының атауы капучиндер орденінің монахтарының арқасында пайда болғанын білу сіз үшін қызық шығар. Олардың киімдерінің ұшы үшкір келетін капюшоны сариссио деп аталған. Түсі жағынан да бүгінгі таңда бәріміз қатты жақсы көретін сусынға ұқсайды екен. Дәстүр бойынша капучино алдын ала қыздырылған фарфор ыдысқа құйылып беріледі. Бұл ыдыс жылуды шыны немесе қағазға қарағанда ұзағырақ сақтайды. Капучиноқұйылған ыдыспен бірге шай қасық таратылады. Қасықпен адамдар алдымен көбігін жейді, сосын барып кофені ішеді.

Американо кофесі Екінші Дүниежүзілік соғыс кезінде пайда болған. АҚШ сарбаздары еуропалық қою кофені іше алмағандықтан, кофеге су араластыруды өтінеді екен. Американо қазір де 2 порция эспрессоға 30 бен 470 мл. ыстық су құю арқылы дайындалады.

### ESPRESSO

ЭСПРЕССО



● 100% 30 мл

● ЭСПРЕССО

### CAPPUCCINO

КАПУЧИНО



● 30% 30 мл  
● 30%+  
● 30%+

● СҮТ

● СҮТТІ КӨБІК


### AMERICANO

АМЕРИКАНО



● 50% 30 мл  
● 50%+

● СУ





## Жоспарлар'14


Банктің 2014 жылға арналған даму жоспарлары

P1

Стратегиялық жоспарлары, инновациялық ұстанымдары, филиалдық жүйені кеңейту және 2014 жылға арналған операциялық өнімдер тізімі.

### Мәліметтерді еңдеу орталығын іске қосу

1



### Төлем карталарын шығару

2



### Жалпылама Интернет-банкинг пен мобильдік банкингті шығару

3



### Жаңа үлгідегі сату басқармаларын ашу

4





## Глоссарий

Кофе терминологиясы



**Американо** – ыстық су араластырылған эспрессо.

**Бариста** – кофе жасайтын бармен.

**Гриндер** – баристаның кәсіби тіліндегі кофе ұнтақтайтын құрал.

**Джезва (турка)** – кофені шығыстық тәсілмен дайындауға арналған мыс ыдыс

**Демитассе** – көлемі 88 мл. болатын эспрессо құйылған дәстүрлі шынаяқ.

**Доппио** – 50-60 мл. көлемдегі қос қабатты кофеден жасалған эспрессо

**Каппинг** – кофенің кәсіби дегустациясы.

**Капучино** – классикалық сусын: эспрессо + сүт + сүт көбігі.

**Кон-Панна** – итальялық эспрессо сусыны + шайқалған кілегей.

**Кофепак** – пайдалануға дайын тұратын нығыздалып, ұнтақталған кофе.

**Кофеин** – жүйке жүйесіне дем беретін химиялық зат (алкалоид). Кофеден басқа мәселен, шайда бар. Энергетикалық сусындар құрамына да кіреді.

**Крема** – кофе көбігінің кәсіби атауы.

**Латте** – кофе сусыны: эспрессо + ыстық сүт + сүт көбігі.

**Латте-арт** – кофенің үстіне сурет салу өнері.

**Маккиато** – эспрессо негізіндегі сусын + шайқалған сүт.

**Нокбокс** – кофе-пактарды пайдаланып болғаннан кейін қалдықтарды салуға арналған ыдыс.

**Питчер** – сүтті дұрыс шайқау үшін қолданылатын болат құмыра.

**Сингл** – эспрессоның стандартты мөлшері.

**Соло** – эспрессоның тағы бір атауы.

**Экстракция** – судың эспрессоға айналу процесі.

**Эспрессо** – қысым астындағы ыстық суды фильтр арқылы жіберіп, ұнтақталған кофемен бірге дайындалған кофе сусыны.





1. Innovation  
2. Evolution

## Жоспарлар'14

Банктің 2014 жылға арналған даму жоспарлары

P2

Стратегиялық жоспарлары, инновациялық ұстанымдары, филиалдық жүйені кеңейту және 2014 жылға арналған операциялық өнімдер тізімі.

### 2015-2020 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарын жаңарту

5



Теміртау, Өскемен, Атырауда филиалдар ашу

6



Priority Banking іске қосу

7







Операциялық қызмет көрсетудің өнімдер тізімін кеңейту

8




Активтер құрылымы





## Қаржылық есеп

2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін



## Қоржын есімі

## НЕСИЕЛЕР

Млн. теңге

2010	4'970 ₸
2011	10'549 ₸
2012	23'141 ₸
2013	42'305 ₸


## ПРОВИЗИЯЛАР

Млн. теңге


2010	2,6%	126 ₸
2011	1,1%	114 ₸
2012	0,8%	192 ₸
2013	0,65%	273 ₸

Мерзімінде өтелмеген несиелер үлесі


2011



2012



2013








## Қаржылық есеп

2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

S9


## Қоржын сапасы

## КЕПІЛДІК БАЗАСЫ



## НЕСИЕНІҢ ОРТАША СОМАСЫ

Мың теңге






## Қаржылық есеп

2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін



### НҚ МЕН МЕА ҚҰРЫЛЫМЫ

Млн. теңге






# Қаржылық есеп

2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін



## Пассивтер құрылымы






## Қаржылық есеп

2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

S12

### Клиенттер есепшоттарының динамикасы





## Қаржылық есеп

2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

S13

## Пайда мен шығын туралы есеп

## ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС

Млн. теңге

2010	725 ₸
2011	1'248 ₸
2012	2'009 ₸
2013	2'899 ₸

## ТАЗА КОМИССИЯЛЫҚ КІРІС


Мың теңге

2010	2'026 ₸
2011	21'898 ₸
2012	141'614 ₸
2013	234'072 ₸




## Қаржылық есеп

2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін



### Салыққа дейінгі пайда

Млн. теңге





F I N E  
C O F  
F E E  
ALL YOU NEED



## Тәуелсіз аудиторлар есебі

2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

9.1

### **«Kassa Nova Банкі» Акционерлік Қоғамының Акционерлерімен Директорлар Кеңесіне**

«Kassa Nova Банкі» (бұдан былай мәтін бойынша – «Банк») Акционерлік Қоғамының тіркелген қаржылық есебіне аудит жүргіздік. Сонымен қатар бұл құжатқа 2013 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай бойынша есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, көрсетілген дата бойынша қаражаттың бір жылдық әрекеті туралы есеп, сонымен қатар есептік саясаттың маңызды қырлары мен басқа да анықтама-лық ақпарат қоса тіркелген.

### **Басшылықтың қаржылық есепке қатысты жауапкершілігі**

Қаржылық есептің халықаралық стандарттарына сәйкес, аталған қаржылық есепті дайындауға және қаржылық есеп туралы шынайы ақпарат беруге, сонымен қатар банк басшылығының пікірінше, қаржылық есепті дайындауда арам әрекет немесе қателіктің кесірінен пайда болатын маңызды бұрмалаушылықтардан ада, шынайы ақпараттар ғана берілетін ішкі бақылаудың рәсіміне Банк басшылығы жауапты.

### **Аудиторлардың жауапкершілігі**

Біздің міндетіміз – жүргізілген аудит негізінде аталған қаржылық есеп туралы өз пікірімізді білдіру. Біз Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Бұл стандарттар біздің этикалық нормаларды сақтауымызды, қаржылық есепте айтарлықтай бұрмалаушылықтың жоқтығына толық сенімді болу үшін аудитті жоспарлап, жүргізуді талап етеді.

Аудит қаржылық есепте көрсетілген қаражат пен ақпараттарға қатысты аудиторлық дәлелдер алуға бағытталған рәсімді орындаудан тұрады. Рәсімді таңдау аудитордың қаржылық есепте арам әрекеттер мен қателіктің кесірінен туындайтын маңызды бұрмалаушылықтардың қаупіне баға бере отырып, ой қорытуына негізделеді. Бұл қауіпті бағалау барысында аудитор





## Тәуелсізд аудиторлар есебі

2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

9.2

аудит рәсімін анықтау үшін қаржылық есепті дайындауға және шынайы ақпарат беруге қатысты ішкі бақылаудың қырларына көңіл аударады. Бұл Банктің ішкі бақылау жүйесінің қаншалықты тиімді екені туралы пікір айтуға емес, нақты жағдайларда өте қажет болғаны үшін маңызды. Сонымен қатар басшылар тарапынан аудит таңдалып алынған есептік саясат пен бухгалтерлік бағалаулар мен жалпы қаржылық есептің қисындылығын да бағалайды.

Біздіңше, қолымызға тиген аудиторлық дәлелдер толық және біздің пікір білдіруімізге жеткілікті.

### Қорытынды

Біздіңше, қаржылық есеп «Kassa Nova Банкі» Акционерлік Қоғамының 2013 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық ахуалын, сондай-ақ, оның қаржылық нәтижелері көрсетілген датада аяқталған бір жыл ішіндегі ақша қозғалысын Халықаралық қаржылық есеп стандарттарына сәйкес барлық қырынан шынайы суреттейді.

Евгений Жемалетдинов  
Аудитор / Бас директор  
«Эрнст энд Янг» ЖШС



Қазақстан Республикасы аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға берілген мемлекеттік лицензия: серия МФО-2, №0000003, 2005 жылдың 15 шілдесінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі берген.

Аудитордың біліктілік куәлігі № 0000553 2003 жылдың 24 желтоқсанынан берген.

23 сәуір 2014 жыл



Тәуелсіз аудиторлар есебі  
2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін



2013 жылдың 31 желтоқсанындағы  
қаржылық жағдай туралы есеп

Тыс. тенге

	Ескер.	2013 ж.	2012 ж.	2011 ж.
<b>Активтер</b>				
Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіндегі қаражат пен есепшоттар	5	9.444.332	2.767.736	1.198.524
Басқа банктер мен өзге де қаржылық мекемелердегі қаражат	6	685.835	2.023.669	197.581
Өзгерістері пайда немесе шығында көрінетін әділ баға бойынша бағаланған қаржылық құралдар		—	2.020	—
Клиенттерге несиелер	7	42.031.794	22.948.860	10.434.887
Негізгі қаражат	8	3.210.361	2.624.732	488.163
Материалдық емес активтер	9	581.914	456.898	396.113
Кейінге шегерілген Корпоративтік қосымша құн салығы бойынша активтер		—	—	35.846
Ағымдағы корпоративтік қосымша құн салығы бойынша активтер	10	21.000	1.374	—
Басқа да активтер	и	238.373	146.524	47.439
<b>Активтердің барлығы</b>		<b><u>56.213.609</u></b>	<b>30.971.813</b>	<b>12.798.553</b>



## Тәуелсізд аудиторлар есебі

2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

T1

	Ескер.	2013 ж.	2012 ж.	2011 ж.
<b>Міндеттер</b>				
Өзгерістері пайда немесе шығында көрінетін әділ баға бойынша бағаланған қаржылық құралдар				
		—	1,220	—
Басқа банктердің қаражаты	12	745.953	502.140	200.917
Клиенттерді қаражаты	13	43.323.133	19.325.119	2.148.321
Бағынышты борыш	14	4.320.136	4.296.146	4.279.541
Шығарылған қарыздыққұндықағаздар	15	201.236	201.229	—
Кейінге шегерілген Корпоративтік қосымша құн салығы бойынша міндеттер	10	278.081	66.683	—
Басқа да міндеттер	16	55.632	120.386	49.517
<b>Міндеттердің барлығы</b>		<b><u>48.924.171</u></b>	<b>24.512.923</b>	<b>6.678.296</b>
<b>Капитал</b>				
Жарғылық капитал	17	6.408.000	6.340.000	6.340.000
Басқа да қорлар	17	89.066	28.295	
Бөлініске түспеген кіріс		792.372	90.595	(219.743)
<b>Капиталдың барлығы</b>		<b><u>7.289.438</u></b>	<b>6.458.890</b>	<b>6.120.257</b>
<b>Капитал мен міндеттердің барлығы</b>		<b><u>56.213.609</u></b>	<b>30.971.813</b>	<b>12.798.553</b>



Тәуелсіздік аудиторлар есебі  
2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін



2013 жылдың 31 желтоқсанында  
аяқталған жыл үшін біржылдық жиынтық  
табыс туралы есеп

Тыс. тенге

	Ескер.	2013 ж.	2012 ж.
Пайыздық кірістер	19	5.237.490	2.972.830
Пайыздық шығындар	19 _	(2.338.314)	(963.285)
Таза пайыздық кіріс		2.899.176	2.009.545
Несиелік қоржынның құнсыздануына байланысты қорға аударым	7 _	(79.683)	(77.529)
Несиелік қоржынның құнсыздануына байланысты қорға аударымнан кейінгі таза пайыздық кіріс	-	2.819.493	1.932.016
Таза комиссиялық кірістер	20	234.072	141.614
Өзгерістері пайда немесе шығында көрінетін әділ құн арқылы бағаланған қаржылық құралдар бойынша таза кіріс		(7.494)	(10.338)
Шетелдік валютадағы операциялар бойынша таза кірістер/ (шығыстар)			
- сауда-саттық операциялары		56.161	20.300
- валюталық баптарды қайта бағалау		(4.368)	(26.690)
Басқа да кірістер		22.711	4
Пайыздық емес кірістер	-	301.082	124.890




## Тәуелсізд аудиторлар есебі

2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

# T2

	Прим.	2013 г.	2012 г.
Қызметкерлерге кететін шығын	21	(1,240,791)	(929,619)
Әкімшілік және басқа да операциялық шығындар	21	(1,016,817)	(684,459)
Басқа да операциялық резервтер	11	(1,609)	(1,666)
Пайыздық емес шығындар		(2,259,217)	(1,615,744)
Корпоративтік қосымша құн салығы бойынша шығысқа дейінгі кіріс		861,358	441,162
Корпоративтік қосымша құн салығы бойынша шығын	10	(188,880)	(102,529)
Біржылдық түсім	-	672,478	338,633
Басқа да жиынтық табыс			
Келесі кезеңде кіріс не шығыс құрамына қайтажіктеуге жатпайтын басқа да жиынтық табыс:			
Ғимаратты қайта бағалау	17	112,588	—
Жиынтық табыс құрамына жататын корпоративтік қосымша құн салығы	10	(22,518)	—
Корпоративтік қосымша құн салығын ұстап қалғандағы біржылдық жиынтық табыс		90,070	—
Біржылдық жиынтық табыстың барлығы	—	762,548	338,633






Жылдық есебі



Годовой отчет









### Содержание

Годового отчета банка

47



### Обращение

Председателя правления

48



### О банке

Общая информация

53



### Филиальная сеть

Филиалы и персонал

59



### Организационная структура

Штат сотрудников банка

61



### Продукты банка

Предоставляемые продукты и услуги


62



### Клиенты банка

Клиентская база на начало 2014 года

66



### Планы '14

Планы развития банка на 2014 год

69



### Финансовая отчетность

за год, закончившийся 31 декабря 2013 года

72



### Отчет независимых аудиторов

за год, закончившийся 31 декабря 2013 года

82





## Обращение

Председателя правления

1.1

### **Уважаемые акционеры, партнеры и клиенты банка Kassa Nova!**

